

Білім беруді және денсаулық сақтауды  
сапамен қамсыздандыру және  
аккредиттеудің Еуразиялық орталығының  
Аккредиттеу кеңесіне

**СЫРТҚЫ САРАПТАМА КОМИССИЯСЫНЫҢ  
«АСТАНА» ОҚУ-КЛИНИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ  
ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫН ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ  
АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА  
СӘЙКЕСТІГІН БАҒАЛАУ ҚОРЫТЫНДЫСЫ БОЙЫНША  
ЕСЕБІ  
Сыртқы сапар күндері- 12-13 ақпан 2019 жыл**

Астана қ., 2019 ж.

**МАЗМҰНЫ**

	Белгілеулер мен қысқартулар тізімі	
1.	ССК құрамы	
2.	ССК қорытынды есебінің жалпы бөлімі	
2.1	«Астана» оқу-клиникалық орталығын таныстыру	
2.2	Алдыңғы аккредиттеу туралы мәліметтер	
2.3	«Астана» оқу-клиникалық орталығының өзін-өзі бағалау жөніндегі есебінің институционалдық аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін талдау	
2.4	«Астана» оқу-клиникалық орталығы жалпы бағалау	
2.5	«Астана» оқу-клиникалық орталығы қызметінің өзін-өзі талдау деңгейі мен сапасы	
3.	ССК сапарының сипаттамасы	
4.	ССК сыртқы бағалау және сапар бойынша қорытындылары	
5.	«Астана» оқу-клиникалық орталығының сыртқы бағалау қорытындылары бойынша институционалдық аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін талдау және әрбір стандарт бойынша мықты тұстарына шолу	
6.	«Астана» оқу-клиникалық орталығын жетілдіру бойынша ұсыныстар	
7.	ЕО аккредиттеу кеңесіне ұсыныс	
8.	1- қосымша. «Астана» оқу-клиникалық орталығының сапа бейіні және сыртқы бағалау критерийлері	

## **Белгілеулер мен қысқартулар тізімі**

АНА-Американдық кардиология қауымдастығы  
А Қ - Акционерлік қоғам  
ДДСҰ - Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы  
ЖММК - Жоғары мамандандырылған медициналық көмек  
ҚДСЖМ - Қоғамдық денсаулық сақтау жоғары мектебі  
МКҚК- Мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорын  
ШЖҚ МКК- Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын  
ММББС - Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары  
БЖАИБ - балалар жасындағы ауруларды интеграцияланған басқару  
ИКБТ- инсталляцияланған компьютерленген бейімделген тренингтер  
Консорциум - Инновациялық-білім беру консорциумы  
КТЖ - Күнтізбелік-тақырыптық жоспар  
ДСМ - Денсаулық сақтау министрлігі  
МҰ - Медициналық ұйымдар  
ӘК - әдістемелік кеңес  
ҒЗИ- Ғылыми-зерттеу институты  
НҚА-Нормативтік-құқықтық актілер  
ҮҚД - үздіксіз кәсіби даму  
ҚҰ - Қоғамдық ұйым  
БА - Біліктілікті арттыру  
МСАК-Алғашқы медициналық-санитарлық көмек  
ПОҚ-Профессорлық-оқытушылық құрам  
ДСББ-Денсаулық сақтау басқармасы бағдарламасы  
РМҒА - Ресей медициналық ғылымдар академиясы  
ШЖҚ РМК- Шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын  
ҚР-Қазақстан Республикасы  
РОЗОМЕД- Ресейлік медицинадағы симуляциялық оқыту  
РДСДО- Республикалық денсаулық сақтауды дамыту орталығы  
ЖОБ - Жұмыс оқу бағдарламалары  
СИМ - Стандартты имитациялық модуль  
СНжЕ- Санитарлық нормалар мен ережелер  
СЕ- Стандартталған емделуші  
ТӨЖ-тыңдаушының өзіндік жұмысы  
ЖШС-жауапкершілігі шектеулі серіктестік  
ТПТ - Тиімді перинаталдық технологиялар  
Орталық - «Астана» оқу-клиникалық орталығы  
ТЖ -Төтенше жағдайлар  
ACLS- Жүрек-қан тамырлары қызметінің жедел бұзылулары мен жүректің тоқтауы кезіндегі қарқынды терапия алгоритмдері  
ATLS- Кеңейтілген травматологиялық көмек  
BLS- Балаға және ересек пациентке шұғыл көмек көрсету тактикасы  
ERC - Еуропалық реанимация кеңесі  
GISP-педиатриядағы халықаралық модельдеу тобы  
NRP-Жаңа туған нәрестелерді мамандандырылған реанимациялау  
PALS - Жүрек-қан тамырлары қызметінің жедел бұзылулары мен балалардағы жүректің тоқтауы кезіндегі қарқынды терапия алгоритмдері  
PASSH - Паназиялық Денсаулық сақтау симуляциялық қоғамы  
PHTLS-ауруханаға дейінгі жарақаттарға жедел көмек  
SESAM- Еуропалық медицинадағы симуляциялық оқыту қоғамы

## 1. Сыртқы сараптама комиссиясының құрамы

АЕО 2018 жылғы 28 қаңтардағы №19 бұйрығына сәйкес 2019 жылғы 12-13 ақпан аралығында «Астана» оқу-клиникалық орталығын аккредиттеуді өткізу бойынша келесі құрамдағы сыртқы сараптама комиссиясы (ССК) құрылды:



**Төраға -**

**Утеулиев Ержан Сабиталиевич**

медицина ғылымдарының кандидаты, «Қоғамдық денсаулық сақтау» мамандығы бойынша іскерлік әкімшілендіру магистрі, «ҚДСЖМ» Қазақстан медицина университетінің оқу жұмысы және ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректоры, Алматы қ.



**Шетелдік сарапшы-Есаян Ашот Мовсесович**

медицина ғылымдарының докторы, профессор, акад. И.П. Павлов атындағы Бірінші Санкт-Петербург Мемлекеттік Медицина Университетінің жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру факультетінің нефрология және диализ кафедрасының меңгерушісі, Ресейдің Нефрологтар ғылыми қоғамының Басқарма мүшесі, Еуразиялық терапевттер қауымдастығының Басқарма мүшесі, Ресей кардиологиялық қоғамының мүшесі, Халықаралық Нефрологтар қоғамының (ISN) мүшесі, Еуропалық нефрологтар, трансплантологтар, диализ дәрігерлері қауымдастығының (ERA-EDTA) мүшесі, Еуропалық кардиологтар қоғамының (ESC) мүшесі



**Ұлттық сарапшы- Кемелова Гультшат Сейтмуратовна**, медицина ғылымдарының кандидаты, Қарағанды мемлекеттік медицина университеті университетінің практикалық дағдылар орталығының директоры, Қарағанды қ.



**Сарапшы- Практикалық денсаулық сақтау өкілі  
Калиева Марал Ашираповна**

«Қазақстан Республикасы Президент істерінің  
Басқармасының Медициналық орталығының  
ауруханасы» РМК Үздіксіз кәсіби даму бөлімінің  
бастығы, Астана қ.



**Сарапшы-тыңдаушы –**

**Аубакирова Нагима Садыковна,**

Астана қаласының №1 қалалық емханасының  
медициналық қызметтер сапасын бақылау жөніндегі бас  
дәрігерінің орынбасары, жоғары санатты терапевт  
дәрігер, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау  
үздігі



**АЕО бақылаушысы -Сәрсенбаева Сәуле  
Сергазиевна,**

медицина ғылымдарының докторы, МВА  
Халықаралық педиатрлар қауымдастығының  
(IPA), Тркі әлемінің педиатрлар Одағының  
мүшесі,

Білім беру мен денсаулық сақтауды сапамен  
камсыздандыру және аккредиттеудің Еуразиялық  
орталығының бас директоры

01.12.2018 ж.бастап 20.01.2019 ж. аралығындағы кезеңде «Астана» оқу-клиникалық орталығының қызметінің АЕО медициналық қосымша білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін бағалау жүргізілді.

ССК есебінде «Астана» Оқу-клиникалық орталығының АЕО қосымша білім беру медициналық ұйымын институционалдық аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін бағалауды, қосымша білім беру ұйымының қызметін одан әрі жетілдіру бойынша ССК ұсыныстары қамтылған.

## **2. ССК қорытынды есебінің жалпы бөлімі**

### **2.1 Медициналық білім беру ұйымын таныстыру**

«Астана» оқу - клиникалық орталығы Астана қаласы әкімінің 2007 жылғы 22 қазандағы № 18-961П қаулысымен 2008-2010 жылдарға арналған Астана қаласының денсаулық сақтауды реформалау және дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде 100% мемлекеттік қатысумен құрылды. Орталық Гарвард медициналық мектебінің клиникалық базасы болып табылатын «Partners Hels Kear Systems» медициналық корпорациясымен (Бостон қ., АҚШ) серіктестікте құрылды. Орталық манекендермен және муляждармен жабдықталған. Орталықтың жаттықтырушылары «Стратус» симуляциялық орталығының базасында дайындалды (Бостон қ., АҚШ).

Астана қаласының әкімдігі орталықты бәсекелестік ортаға берді және 2013 жылдан бастап Қазақстанның 2011-2015 жылдарға арналған мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы мемлекеттік саясатын іске асыра отырып, Орталық МЖӘ шеңберінде өз қызметін жалғастырды. Ал 2015 жылдан бастап Орталық жеке кәсіпорын мәртебесіне ие болды. 2016 жылы «Астана» оқу-клиникалық орталығына ребрендинг жүргізілді.

Өз жұмысын бастаған уақыттан бері негізгі күш-жігер Астанада ғана емес, ҚР Тұңғыш орталықтың базасында практикалық денсаулық сақтау мамандарын халықаралық стандарттар бойынша оқытатын симуляциялық тренинг-орталық құруға бағытталды. Американдық кардиологтар қауымдастығының (АНА) бағдарламалары орыс және қазақ тілдеріне аударылып, оқу үдерісіне жемісті енгізілді. Бұл біздің медицинамызды сапалы жаңа деңгейге шығару, халықаралық стандарттарды кеңінен енгізу, оның ішінде медицина қызметкерлерінің практикалық дағдыларын пысықтау және жетілдіру аса маңызды болып отырған жағдайда отандық денсаулық сақтаудағы қалыптасқан жағдайдан туындаған қажеттілік болды.

Орталықтың дәрігер-нұсқаушылары АҚШ, Израиль, Италия, Сингапур және басқа мемлекеттердің симуляциялық орталықтарында арнайы дайындықтан өтті, халықаралық жаттықтырушы сертификаттарын алды. Шетелдік мамандар Астана қаласында шеберлік сыныптарын өткізді, енді бірнеше жыл бойы орталық базасында халықаралық стандарттарға сәйкес шұғыл медициналық көмек бойынша курстар сәтті өткізіліп келеді.

*Орталықттың жетістіктері:*

- ҚР ДСМ 5 жылға мемлекеттік аттестаттау (12.02.2014 ж. №100 бұйр.);

- 2018-2023 жылдарға арналған медицинадағы еуропалық симуляциялық оқыту қоғамын (SESAM) халықаралық аккредиттеу;
- 15 зияткерлік меншік объектісіне тіркелген құқықтар;
- «Сала көшбасшысы 2013-2016 жж.» ұлттық бизнес-рейтингі;
- «Жыл көшбасшысы 2017-2018 жж.», «Білім беру мақтанышы 2016 ж.»;
- «Үздік кәсіпорын 2016 ж.» ұлттық бизнес-рейтингі;
- «Сапа жұлдызы 2016 ж.»;
- Білім берудегі симуляциялық технологиялардың халықаралық қоғамдарына мүшелік:
  - Денсаулық сақтау саласындағы паназиялық симуляциялық қоғам (PASSH);
  - Медицинадағы еуропалық симуляциялық оқыту қоғамы (SESAM);
  - Педиатриядағы халықаралық модельдеу тобы (GISP);
  - Ресейлік медицинадағы симуляциялық оқыту (ROCOMED);
- Шетелдегі жетекші университеттермен және клиникалармен серіктестік жайлы меморандумдар (АҚШ, Корея, Литва, Ресей, Сингапур, Малайзия, Финляндия және т. б.);
- Штатта халықаралық аккредиттелген ұйымдармен сертификатталған жаттықтырушылардың болуы (Еуропалық реанимация кеңесі (ERC), Американдық кардиология қауымдастығы (АНА). UKC нұсқаушыларының клиникалық медицинада 10 жылдан кем емес практикалық тәжірибесі бар, жоғары және бірінші біліктілік санаттары бар;
- Жедел жәрдем бригадаларының жыл сайынғы республикалық жарыстарын ұйымдастыруға және өткізуге патент;
- Астана қ. ДСБ жыл сайынғы мемлекеттік тапсырысы;
- 2016 жылдан бастап ЭйрАстана ұлттық авиакомпаниясымен серіктес болып, бортсеріктерге алғашқы медициналық көмек көрсетуді оқытады;
- «ЭКСПО-2017» халықаралық мамандандырылған көрмесі мен 28 Дүниежүзілік қысқы Универсиада-2017 волонтерлерін оқытты;
- 2016 жылдан бастап Жедел медициналық жәрдем бригадаларының республикалық жарыстарының бастамашысы және негізгі ұйымдастырушысы болып табылады;
- «ОКО хабаршысы» жеке газетінің шығарылымы, 6000 дана.
- Астанада енгізілген озық медициналық білім мен технологияларды өңірлік денсаулық сақтауға тарату бойынша міндеттер іске асырылуда. 2014 жылдан бастап Орталық Қазақстандағы барлық облыстарда филиалдарын ашты. Бүгінгі таңда өңірлерде 15 еншілес ұйым жұмыс істейді, олар 2018 жылдан бастап заңды тіркелген дербес ұйымдарға айналды

2007 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Орталық 50 000 астам адамды оқытып, шетелдік мамандардың қатысуымен 150 астам тренингтер мен шеберлік сағаттарын өткізді.

## **2.2 Алдыңғы аккредиттеу туралы мәліметтер**

Қосымша білім беру ұйымын ұлттық институционалдық аккредиттеу осы уақытқа дейін жүргізілген жоқ.

Халықаралық аккредиттеуді 2018 жылы медицинадағы симуляциялық оқытудың еуропалық қоғамы / Society in Europe for Simulation Applied to Medicine (SESAM) жүргізді, сертификаттың қызмет мерзімі 2018-2023жж.

## **2.3 «Астана» оқу-клиникалық орталығының өзін-өзі бағалау жөніндегі есебінің институционалдық аккредиттеу стандарттарына сәйкестігін талдау**

«Астана» оқу-клиникалық орталығының (ОКО) институционалдық өзін-өзі бағалау жөніндегі есебі қосымшаларды қоспағанда, 115 бетте дайындалған, ОКО ұсынған ақпараттың толықтығымен, құрылымдылығымен және ішкі бірлігімен сипатталады. Есепке ОКР бас директоры Р.Р. Мусинаның қолтаңбасы қойылған, есепте қамтылған ақпарат пен деректердің дұрыстығын растайтын қосымша хат берілген.

Есеп институционалдық аккредиттеу шеңберінде өзін-өзі бағалауды жүргізу жөніндегі басшылыққа сәйкес жасалды және АЕО қосымша білім беру (ҚББ) ұйымдарын институционалдық аккредиттеу стандарттарына толық сәйкес келеді. Ішкі комиссияның әрбір мүшесінің жауапкершілігін көрсетілген, өзін – өзі бағалау жөніндегі ішкі комиссия мүшелерінің тізімі (барлығы 14 адам), ОКО институционалдық өзін-өзі бағалауды жүргізуге жауапты өкілі - Абдрахманова Мадина Нурлановна, Бас директордың оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі орынбасары, сондай-ақ мамандандырылған аккредиттеуге дайындық жөніндегі ішкі комиссия төрағасы -Мусина Райхан Рысхановна туралы мәліметтер берілген.

ОКО өзін-өзі бағалау 03.01.2019 ж. № 12-к «Ұлттық аккредиттеуді өткізу туралы» бұйрығының негізінде жүргізілген.

2018 жылғы желтоқсаннан бастап өзін-өзі бағалауды жүргізу кезеңінде ОКО ішкі комиссиясы біршама жұмыстар атқарып: институционалдық аккредиттеу стандарттарына сәйкес қажетті мәліметтер жинап; материалдарға мұқият талдау жүргізген, олардың мазмұны есепте көрсетілген. Институционалдық аккредиттеу критерийлері бойынша өзін-өзі бағалау жөніндегі есептің мазмұны АЕО қосымша білім беру ұйымдарын институционалдық аккредиттеу стандарттарына сәйкес құрылымдалған және 9 стандарттың әрқайсысы бойынша жақсартуға арналған күшті жақтардың, салалардың сипаттамасын қамтиды.

Деректер базасы, қосымшалар толық көлемде, ретімен ұсынылған және оларға есеп мәтінінде сілтемелер жасалған.

Есеп сауатты тілде жазылған, әр стандарт бойынша тұжырымдар анық және түсінікті, мәтінде кестелерге сілтемелер бар және олар нөмірленген.



## 2.4 «Астана» оқу-клиникалық орталығының қызметін жалпы бағалау

### 1-стандарт: Миссия және соңғы нәтижелер

Орталықтың миссиясы ұйымның стратегиялық даму жоспарында анықталып, ол 07.09.2015 жылы «Астана» оқу-клиникалық орталығының Бақылау кеңесінің отырысында бекітілді. Миссия ұйымның ұзақ мерзімді стратегиялық даму жоспарымен және ұйымның практикалық денсаулық сақтау мамандарын дайындаудағы ерекшелігімен байланысты. Орталықтың миссиясы: «Медицина қызметкерлерінің кәсіби құзыреттілігінің жоғары деңгейін көтеруге және қолдауға қол жеткізу.

Орталық алдында тұрған миссияны іске асыру үшін ұжымның мынадай көзқарасы бар: ҚР қосымша медициналық білім беру жүйесінде жетекші оқу-клиникалық, үйлестіру-әдістемелік орталық құру, халықаралық стандарттар бойынша симуляциялық оқыту саласында көшбасшылықты қалыптастыру және медициналық көмек көрсетудің халықаралық стандарттары мен озық медициналық технологияларды енгізу және трансферттеу орталығы.

Миссия «Астана» оқу-клиникалық орталығының сайтында, Орталық стендтерінде орналастырылған. Орталықтың миссиясын «Астана» оқу-клиникалық орталығын дамытудың стратегиялық жоспарын әзірлеуге байланысты ұйымдастырылған комиссия қабылдады және Астана қаласының медицина қызметкерлерінің кәсіби құзыреттілігін арттыруға, халықаралық стандарттарға, Денсаулық сақтау саласындағы инновациялық технологияларға оқытуға, симуляциялық технологияларды пайдалана отырып практикалық дағдыларды жетілдіруге, шет мемлекеттердегі жетекші клиникаларда медицина қызметкерлерінің тағылымдамасына практикалық денсаулық сақтау қажеттілігіне, сондай-ақ әлемнің жетекші медициналық орталықтарымен ынтымақтастық арқылы елорданың ең өзекті денсаулық сақтау қызметтерін дамытуға негізделген

Орталықтың миссиясын, құрылымын, сапа саласындағы саясатын қарау және бекіту өндірістік қажеттілікке сәйкес жүзеге асырылады және Мемлекеттік бағдарламалық құжаттарға, ҚР БҒМ және ДСМ нормативтік құжаттарына, ҚР БҒМ және ДСМ нұсқау құжаттарына, ҚР Президентінің Қазақстан халқына жыл сайынғы Жолдауына, орталықтың айрықша және күшті жақтары болып табылатын Орталықтың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін бағалауға негізделді.

Елімізде аталған бағдарламалар бойынша оқытудың жоғары қажеттілігін атап өту қажет және Орталықта сертификатталған мамандардың айрықша кадрлық әлеуеті бар (нұсқаушы дәрігерлер халықаралық жаттықтырушы сертификаттарына ие, сондай-ақ Ресей, Италия, Литва, Сингапур, Израиль симуляциялық орталықтарында бірнеше рет оқытылған), халықаралық талаптарға сәйкес ресурстық базасы мен құзыреттері бар және республикада симуляциялық оқыту стратегиясын белсенді түрде насихаттайды.

Орталық жыл сайын жергілікті атқарушы органдардың қолдауымен 003 «Кадрлардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау» жергілікті бюджеттік бағдарламасы шеңберінде мемлекеттік тапсырысты орындайды.

Орталық келесі бағыттар бойынша білім беру қызметтерін көрсетеді:

- ел ішінде, жақын және алыс шет елдерде мамандардың біліктілігін арттыру және қайта даярлау;
- еліміздің, жақын және алыс шетелдердің жетекші мамандарының көшпелі циклдарында, мастер-кластарында, тренингтерінде, семинарларында денсаулық сақтау мамандарының біліктілігін арттыру;
- симуляциялық тренинг-орталықта мамандардың біліктілігін арттыру;
- БЖАИБ (балалар жасындағы ауруларды интеграцияланған басқару) және ТПТ (тиімді перинаталдық технологиялар) қалалық орталықтарында мамандардың біліктілігін арттыру.

Қойылған міндеттерді тиімді орындау және үздік шетелдік тәжірибені ескере отырып, білім беру бағдарламаларын жетілдіру үшін медициналық кадрларды оқыту саласында еліміздің, жақын және алыс шетелдердің (АҚШ, Финляндия, Оңтүстік Корея, Литва, Израиль, Малайзия, Болгария, Ресей, Жапония және т. б.) жетекші ғылыми клиникаларымен және университеттерімен неғұрлым сұранысқа ие бағыттар: ана мен бала, онкология, балалар мен ересектер травматологиясы және ортопедия, жүрек-қан тамырлары аурулары, мейірбике уход, жедел медициналық көмек, алғашқы медициналық-санитарлық көмек және т. б.бойынша серіктестік жолға қойылған.

Орталық іске асыратын бағдарламалар әрқашан өзекті болып табылады, өйткені олар ағымдағы сәтті ескереді және «Қосымша медициналық білім берудің мемлекеттік стандарттарына», медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың үлгілік және жұмыс бағдарламаларына, сондай-ақ АНА және ДДСҰ бағдарламаларына сәйкес ҚР БҒМ және ДСМ нормативтік және құқықтық актілерімен расталады.

Аталған стандарт бойынша келесі **мықты тұстары** анықталды:

- 2014 жылы ерікті мемлекеттік аттестаттаудан өту және еуропалық қоғамның медицинада симуляциялық оқытуды (SESAM) 2023 жылға дейін аккредиттеу қажеттілігін негіздейтін миссиясы мен стратегиялық мақсаттарының болуы.;
- Орталық Астана қаласы бойынша ұлттық денсаулық сақтау палатасының мүшесі болып табылады;
- Мемлекет басшысының Астана тәжірибесін өңірлерге беру саясатын іске асыру шеңберінде 15 еншілес ұйым құрудың бастамашысы болып табылады;
- Республикалық және халықаралық ынтымақтастық және симуляциялық оқыту бойынша түрлі халықаралық қауымдастықтарға мүшелік дұрыс жолға қойылған;
- 15 оқу бағдарламасына зияткерлік меншіктің авторлық құқығы.

**Қорытынды:** стандарт институционалды аккредиттеу критерийлеріне сәйкес келеді, сонымен бірге жақсарту бағыттары анықталған:

- *Миссия туралы көбірек хабардар ету және оны дамытуға мүдделі тараптарды қатыстыру;*

## **2-стандарт: Білім беру бағдарламалары**

Ұсынылған 23 білім беру бағдарламасының тақырыптарының бағыты орталықта бар симуляциялық технологияларды пайдаланып, практикалық

денсаулық сақтау мамандарын оқытуға деген қажеттілік негізінде анықталып отыр.

Білім беру бағдарламаларын әдістемелік қамтамасыз ету және іске асыру медициналық қосымша білім беру саласындағы ҚР нормативтік және құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Білім беру бағдарламалары келесі бағыттар бойынша ұсынылған:

1. Халықаралық талаптарға сәйкес келетін жедел жәрдем тренингтері (BLS, ACLS, PALS, PHTLS).
2. Денсаулық сақтау саласындағы клиникалық мамандықтар мен менеджмент бойынша біліктілікті арттыру және қайта даярлау циклдері.
3. Мейіргер ісі бойынша біліктілікті арттыру және қайта даярлау циклдары.

Орталық жоғарыда аталған барлық курстарға орталықтың әдістемелік кеңесінің отырысында талқыланатын және бекітілетін жұмыс оқу жоспарлары мен бағдарламаларын ұсынады.

Бағдарламаларды практикалық іске асыру қолда бар ресурстарды пайдалана отырып жүзеге асырылады:

- 1) Симуляциялық тренинг орталығының манекендері мен тренажерлары;
- 2) ҚР ДСМ 2008 жылғы 19 желтоқсандағы № 656 «ҚР балалар жасындағы ауруларды интеграцияланған басқару және ерте жастағы балаларды дамыту әдісін енгізу туралы» бұйрығымен және Астана қаласы Денсаулық сақтау Басқармасының 2010 жылғы 15 қазандағы № 15 «Бағдарламаны енгізу туралы» бұйрығымен құрылған «Балалар жасындағы ауруларды интеграцияланған басқару» (БЖАИБ) орталығында
- 3) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2011 жылғы 31 наурыздағы №165 «Астана қаласында әйелдер мен балаларға медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдарының медицина қызметкерлерін үздіксіз кәсіби дамытудың кейбір мәселелері туралы» бұйрығына Астана қаласының «Денсаулық сақтау басқармасы» ММ 2011 жылғы 25 мамыр №106-08-2938 хатына сәйкес құрылған «Тиімді перинаталдық технологиялар» орталығында (бұдан әрі - ТПТ) .
- 4) Мейіргерлік іс орталығында
- 5) Денсаулық сақтау менеджменті мектебінде.

Практикалық денсаулық сақтау нұсқаушылары мен тартылатын оқытушылар шағын топтарда жұмыс істеу, дәріс-семинарлар, дебрифинг әдістемесі, симуляциялық технологияларды қолдана отырып практикалық сабақтар сияқты денсаулық сақтау мамандарын оқытудың интерактивті әдістерін қолданады.

Жетекші клиникалармен халықаралық ынтымақтастық туралы келісімдер негізінде медицина қызметкерлерінің біліктілігін арттыру және шеберлік сыныптарын өткізу үшін Кореяның денсаулық сақтауды дамыту институтынан (KHIDI) (Корея), Сеул ұлттық университетінен (Корея), Литва ғылым және денсаулық университетінен (Каунас қ.), Ресей медициналық дипломнан кейінгі білім академиясы (Мәскеу қ.), Тэгу қаласы мэриясының жоғары технологиялық медицина департаменті (Корея), қолданбалы ғылымдар университеті, (Ювяскюля

қ., Финляндия), Парквей мейіргерлік іс және сабақтас ғылымдар колледжі (Сингапур) және т. б.

Курсанттардың 2016 жылы жасалған орталыққа кітапханалық-ақпараттық қызмет көрсету үшін «Астана Медицина Университеті» АҚ (АМУ) шартына сәйкес АМУ кітапхана қорын пайдалану мүмкіндігі бар.

Орталықтың келісімдер мен меморандумдар жасалған SESAM, РОССОМЕД, АНА симуляциялық қоғамының кітапханалық деректерінің электрондық ресурстарына қол жетімділігі бар.

Аталған стандарт бойынша келесі **мықты тұстары** анықталды:

– Біліктілікті арттыру бағдарламаларының әр түрлі спектрі және BLS, ACLS, PALS, PHTLS, Triage халықаралық курстары енгізілген заманауи симуляциялық орталық;

– Нұсқаушы дәрігерлер барлық білім беру бағдарламаларын кәсіби меңгерген және симуляциялық оқыту әдістерін жетілдіруге ықпал етеді;

– Астана қ. Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасымен, Астана қ. Ұлттық денсаулық сақтау палатасымен, Алматы қ. Клиникалар қауымдастығымен, Астана қ. Кәсіптік қауымдастықтарымен, Медицинадағы симуляциялық оқыту және тәуелсіз сараптама одағымен тығыз өзара әрекеттестік жасау арқылы практикалық денсаулық сақтау қажеттіліктерін есепке алу;

– Денсаулық сақтау мамандары, фельдшерлер және медициналық емес қызметкерлер арасында оқыту бағдарламаларына жоғары сұраныс.

**Қорытынды:** стандарт институционалды аккредиттеу критерийлеріне сәйкес келеді, сонымен бірге жақсарту бағыттары анықталған:

- *Оқу-әдістемелік материалдардың барлық нысандарын біріздендіру мақсатында оларды қарау және әдістемелік кеңесте бекіту;*
- *Осы бағдарламаларды практикалық денсаулық сақтау қажеттіліктеріне өзектендіру мақсатында тыңдаушылар мен жұмыс берушілердің сауалнамаларын талдау негізінде жұмыс бағдарламаларына өзгерістер мен толықтыруларды хаттамалау;*
- *Оқу бағдарламаларына оқыту кезінде алынған білім мен дағдыларды рейтингтік бағалау жүйесін енгізу;*

### **3-стандарт: ҮКД құзыреттілігін бағалау және құжаттама**

Базалық білім және оқытудың жетістіктері, оқу процесінің тиімділігі туралы деректерді алу үшін Орталық дидактикалық критерийлерге негізделген сабақтардың мазмұнын игеру бойынша тыңдаушыларды бағалауды жүргізеді және бақылаудың жаңа нысандары мен әдістерін дайындауды талап етеді. Бақылау және бағалау объектісі оқытудың түпкі мақсаты болып табылады. Бақылау және бағалау технологиясы оқыту мақсатының деңгейіне байланысты және білім, түсіну және қолдану үшін бағаланады.

Қосымша білім беру бағдарламасының тыңдаушыларын бағалау әдістерін қалыптастыру және енгізу үшін ӘК құрамына енетін нұсқаушылар, оқытушылар

және әдіскерлер жауапты болады. Білім беру бағдарламаларының тиімділігін бағалау мен арттырудың объективтілігі үшін оқытушылардың сабақтарға өзара қатысуы жүргізіледі.

Оқу-клиникалық орталықта барлық әдістемелік және есепке алу құжаттамасы ҚР ДСМ 2009 жылғы 26 қарашадағы № 791 бұйрығына және ҚР медициналық білім берудің инновациялық технологиялары республикалық орталығы бекіткен №9 нұсқаулық хатқа, 2010 жылғы 27 сәуірдегі №4 хаттамаға сәйкес әзірленді және енгізілді. Сондай-ақ, біліктілікті арттыру курсы аяқталғаннан кейін тыңдаушыларға берілетін куәліктердің, сертификаттардың және қайта даярлау туралы куәліктердің үлгілері әзірленді.

Тыңдаушылардың пікірі білім беру бағдарламаларын оңтайландыру және одан әрі жетілдіру үшін қарастырылады. Бағалаудың барлық нәтижелері әдістемелік және оқу-әдістемелік кеңестерде талқыланады, қолданылатын дебрифинг әдістері халықаралық тәсілдерге негізделген, барлық симуляциялық әдістер мен ресурстар білім беру бағдарламасының қажеттіліктерімен салыстырылады және мүдделі тараптарға жеткізіледі. Дегенмен, білім беру бағдарламаларының сапасын бағалау механизмі анық емес. Рәсімдерді құжаттау 2010 жылғы №9 нұсқаулық хатқа, күнтізбелік жоспарға, ЖОЖ және т.б. шығыс құжаттарына (емтихан тізімдемесі және сертификат) сәйкес жүзеге асырылады.

Профессор-оқытушылар құрамы білім беру процесіне тартылатын, портфолиосында қажетті құзыреттері бар 9 штаттық оқытушыдан және 23 сыртқы қоса атқарушыдан құралған. Оқытушылардың кәсіби жетістіктері туралы дәлелдер кадрлар бөліміндегі қызметкерлердің жеке істерінде сақталады. Оқытушылардың біліктілігін арттыруды жоспарлау жеке кесте бойынша жүзеге асырылады және Орталық жоспарының құрылымына кірмейді. Педагогикалық біліктілікті арттыру бойынша сертификаттар ұсынылмаған.

Аталған стандарт бойынша келесі **мықты тұстары** анықталды:

- Орталықта әртүрлі дидактикалық материалдар (бейнефильмдер, презентациялар, алгоритмдер, хаттамалар, үлестірме материалдар, тесттер, тапсырмалар) әзірленеді және пайдаланылады;
- Соңғы нәтижелерге талдау жүргізу барысында тыңдаушылар мен жұмыс берушілер тарапынан оң пікірлер алынған;
- Орталықта Vitrix 24 жүйесіндегі құжат айналымы енгізілген.

**Қорытынды:** стандарт институционалды аккредиттеу критерийлеріне сәйкес келеді, сонымен бірге жақсарту бағыттары анықталған:

- *Құзыреттілік картасын және білімді бағалау тетіктерін әзірлеу арқылы ҒЗЖ бағалау саясатын әзірлеген жөн;*
- *Жеке өсу жоспарымен оқытушылар портфолиосын қалыптастыру;*
- *Инновациялық оқыту технологияларын пайдалана отырып, педагогикалық біліктілікті арттыруды жүргізу;*
- *Білім беру бағдарламаларының сапасын бағалау тетігін әзірлеу.*

**4-стандарт: Денсаулық сақтау мамандары (жеке кәсіптік даму)**

Орталықта курстарды ұйымдастыру барысында Денсаулық сақтау мамандарына арналған жобаларды жүзеге асырудың өзектілігі («Медициналық білім мен ғылымды жаңғырту» жобасын іске асыру жөніндегі жол картасы, ЖОО бойынша бағдарлама), жедел медициналық жәрдем станцияларының жедел медициналық жәрдем мамандарының білімі мен дағдыларын жетілдіруге деген жоғары қажеттілігін есепке алу, сұранысқа ие құзыреттер бойынша мамандарды оқыту секілді ынталандырушы факторлар ескеріледі. Жедел медициналық жәрдем станциясының медицина қызметкерлері үшін халықаралық стандарттарға сәйкес: BLS, ACLS, PALS, PHTLS және т.б. мамандықтар бойынша тренингтер қосылды. Мысалы, 2015 жылы медициналық техниктер оқытудан өтті, себебі медициналық ұйымдардың техникалық жабдықтау жақсарып, медициналық құрылғылар, соның ішінде қымбат құрылғыларды пайдалану және жөндеу бойынша медициналық техник кадрларға сұраныс артып келеді.

Орталықтың барлық қызметкерлері тыңдаушыларды оқытуға тартумен, оқыту процесін ұйымдастырумен, құжаттандырумен оқыту бөлімінің әдіскері айналысады. Практикалық денсаулық сақтау мамандарының білім беру бағдарламаларына қажеттіліктері зерделенеді, оқу кезінде, сондай-ақ жұмыс орындарында тыңдаушыларға сауалнама жүргізіледі. Денсаулық сақтау мамандарының қажеттіліктері негізінде және ұлттық және халықаралық стандарттарды ескеріп, өзекті білім беру бағдарламалары әзірленуде, бірақ жоспардың, тақырыптың, оқыту әдістемесінің толық түсініктемесі жоқ. Әрбір оқу бағдарламасы НҚА (МЖМБС, №9 нұсқау хаты, ОЖЖ) сәйкес әзірленеді, ол оқу курсының соңында меңгеруі тиіс тыңдаушылардың ББД (білім, білік, дағды) талаптарын қарастырады.

Білім беру стратегиясы негізінде белгілі бір мамандық үшін де, тыңдаушылардың жекелеген топтары үшін де оқу жоспарлары дайындалады. Тыңдаушы өзінің жеке кәсіби даму жоспарын анықтайды. Сонымен қатар, топтар алдыңғы дайындық, біліктілік, жұмыс өтілі деңгейін ескермей құрылатыны анықталды.

Оқыту іс-шараларын іске асыру үшін орталық бас штаттан тыс мамандарды, БЖАИБ ұлттық үйлестірушілерін қатыстырады. Оқытудың мазмұндық бөлігін әзірлеу кезінде НҚА әзірлеушілері, ҚДСҰО, РДСДО өкілдері тартылады.

Оқу процесін жүзеге асыру барысында практикалық денсаулық сақтау мамандары үшін аудио-бейне техникамен, флипчартпен, жазуға арналған тақталармен, жабдықталған симуляциялық орталықпен жабдықталған оқу аудиториялары ұсынылады. Тыңдаушылардың өзін-өзі дайындауы үшін уақыт бөлінеді, «АМУ» АҚ кітапхана қорына, компьютерлік бағдарламаларға, интернетке қол жетімділігі болады. Практикалық сабақтар техникалық дағдыларды пысықтау мүмкіндігімен клиникалық базаларда өткізіледі.

Аталған стандарт бойынша келесі **мықты тұстары** анықталды:

– Орталық Астана қаласының Денсаулық сақтау мамандары мен медициналық ұйымдардың басшылары арасында сапалы оқытуды жеткізуші ретінде беделге ие;

– Тыңдаушыларды тарту орталығы жүргізетін жүйелі маркетингтік жұмыс;

– Жұмыс берушілердің, тыңдаушылардың оң пікірлері, біздің орталықта

бұрын оқыған мамандар арасында оң ақпаратпен алмасу сапалы оқытуды ұсынатын орталықтың имиджін қалыптастырады;

– Икемді баға саясаты және тыңдаушыларға бейімделген сабақ кестесі.

**Қорытынды:** стандарт институционалды аккредиттеу критерийлеріне сәйкес келеді, сонымен бірге жақсарту бағыттары анықталған:

– *Мамандық бойынша құзыреттілік деңгейі мен жұмыс өтілін ескере отырып, топтарды қалыптастыру үшін тыңдаушыға алғашқы сауалнама және тестілеу жүргізу ұсынылады.*

### **5-стандарт: Қосымша білім беруді қамтамасыз ету (үздіксіз кәсіби даму)**

Орталық 2014 жылы ерікті мемлекеттік аттестаттаудан (12.02. 2014 жылғы №100 бұйрық) және SESAM аккредиттеуінен өтті. Осылайша, ҚР Денсаулық сақтау Министрлігінің 5 жыл мерзімге аттестатталған ұйымы болып табылады.

Қосымша білім беруді қамтамасыз ету үшін штаттық нұсқаушылар мен оқытушылардан (9 адам) және қоса атқарушы ретінде практикалық денсаулық сақтау мамандарынан (23 адам) тұратын кадрлық құрам жұмыс жасайды. Штаттық оқытушылардың көпшілігінде тиісті мамандық бойынша практикалық денсаулық сақтау саласында 10 жылдан кем емес еңбек өтілі, бірінші және жоғары санаты бар.

Орталықтың ұйымдық құрылымында әдістемелік бөлім, маркетинг бөлімі, бухгалтерия, заң бөлімі бар.

Орталық 2 жылда бір рет халықаралық ұйымдарда және симуляциялық орталықтарда жаттықтырушылық курстарда дәрігер-нұсқаушыларды оқытады, бұл білім беру бағдарламаларын оқыту мен жетілдірудің сапасына ықпал етеді. Симуляциялық орталықтың оқытушылары тәжірибеші анестезиологтар, жоғары және бірінші санатты акушер-гинекологтар болып табылады, халықаралық үлгідегі жаттықтырушы сертификаттары бар: BLS - 2 оқытушы, ACLS - 1 оқытушы, PALS - 1 оқытушы, PHTLS - 1 оқытушы. Сондай - ақ, штаттық оқытушылар «Ұлттық тәуелсіз емтихан орталығында» сарапшы-емтихан алушы болып табылады және аттестаттау кезеңінде аттестаттау емтихандарына қатыстырылады.

Жұмыс жағдайларына қанағаттану мақсатында сауалнама жүргізіледі. Орталықтың басшылығы мен әкімшілігі әрбір қызметкерге көзқарасты жүзеге асырады, құпиялылық және бәсекелестік туралы шарттар жасалады, бұл лауазымдық нұсқаулықтарда келісіледі, осылайша қақтығысты жағдайлардың алдын алады. Еңбек және атқарушылық тәртіптің орындалуын бақылау және тексеру үшін орталықта тәртіптік комиссия құрылып, жұмыс істейді, ол жанжал жағдайлары бойынша мәселелерді қарайды, тәртіптік бұзушылықтар бойынша шаралар қабылданады.

Орталық тыңдаушыларды оқытуға тарту үшін емдеу мекемелерімен ынтымақтасады, өтінімдер бойынша циклдар, тренингтер жоспарлайды. Орталықтың жеке сайты бар, мұнда Орталықтың қызметі туралы ақпарат бар, жаңартылған тақырыптық оқу жоспары жарияланған.

Тыңдаушыларды өз бетінше даярлау үшін оқытушылар қағаз тасымалдағышта және электрондық тасымалдағышта үлестірме материал таратады, тыңдаушылар медицина университетінің кітапханасында, муляждардағы симуляциялық орталықта оқи алады, сондай-ақ интернетті пайдалана алады.

Оқу процесін жүзеге асыру барысында практикалық денсаулық сақтау мамандары үшін аудио-бейне техникамен, флипчартпен, жазуға арналған тақталармен, жабдықталған симуляциялық орталықпен жабдықталған оқу аудиториялары ұсынылады. Практикалық сабақтар техникалық дағдыларды пысықтау мүмкіндігімен клиникалық базаларда өткізіледі.

Аталған стандарт бойынша келесі **мықты тұстары** анықталды:

– Жетекші отандық және халықаралық мамандардың қатысуымен кәсіби даярлық деңгейі үнемі артып келеді (ҚР ДСМ РДСДО., ҚР ДСБ., Мәскеу қ. Ресей, Баку қ. Әзірбайжан, Литва, Рим Италия, Израиль, Швеция, Түркия, Австрия);

– Симуляциялық орталықтың оқытушылары маман сертификаттарына, дәрежелілігіне, бірінші және жоғары санаттарына, халықаралық шеберлік сағаттарының: BLS, ACLS, PALS, PHTLS сертификаттары бар.

– Кәсіби шеберлік, жұмыс процесін сауатты ұйымдастыра білу;

– Орталықтың басшылығы мен әкімшілігі қолайлы психологиялық ахуал қалыптастырады, әрбір қызметкерге жеке көзқарас жүзеге асырылады, ерекше еңбек жағдайлары үшін қосымша ақылар мен үстемеақылар, есепті кезеңдегі орталықтың ағымдағы қызметінің нәтижелері бойынша сыйлықақылар, бір реттік сыйлықақылар беріледі.

**Қорытынды:** стандарт институционалды аккредиттеу критерийлеріне сәйкес келеді, сонымен бірге жақсарту бағыттары анықталған:

*1. Оқытушылардың педагогикалық біліктілігін тұрақты негізде арттыруды қамтамасыз ету;*

## **6-стандарт: Білім беру ресурстары**

Симуляциялық орталық «Қалалық жедел медициналық жәрдем станциясы» ШЖҚ МКҚК базасында орналасқан, сондай-ақ бас кәсіпорынның кеңсесі Керей Жәнібек хандар көшесі, 5 мекенжайындағы «Атриум» ТК орналасқан. Орталықтың жалпы ауданы 524,8 м<sup>2</sup> құрайды. Оқыту процесінде Симуляциялық орталық әртүрлі манипуляцияларды, дефибриляторларды, AED және т. б. оқыту және жаттықтыру үшін қажетті жабдықтармен, манекендермен және муляждармен жабдықталған алты оқу аудиториясын пайдаланады. Оқу бейініне тәуелді оқу бөлмелері сценарийге сәйкес түрлендірілуі мүмкін, мысалы – жолаушылар лайнерінің салоны, аурухананың қабылдау бөлімі, тұрғын үй бөлмесі немесе жол-көлік оқиғасы болған орын. Симуляциялық тренинг-орталық мультимедиялық қондырғымен, «Laerdal» (Норвегия), «Nasco» (АҚШ), «Kyoto»



(Жапония) «Doctor Medicinae» (Қытай) фирмаларының заманауи манекендерімен және муляждарымен жабдықталған.

ҮДБ бағдарламаларын тиімді іске асыру үшін Орталық клиникалық базалармен: №5 Қалалық емхана, №6 қалалық емхана, №7 Қалалық емхана, «Шипагер» ЖШС, №2 қалалық балалар ауруханасы, №2 қалалық балалар жұқпалы аурулар ауруханасы, №2 Перинаталдық орталық, № 3 Перинаталдық орталық, «ВІ-Жұлдызай» корпоративтік қорымен шарттар жасасады. Клиникалық базалардың басшыларынан алынған кері байланыс жедел жәрдем мамандарын даярлауға бағытталған өзара тиімді ынтымақтастықты растайды.

Өз қызметінің негізгі бағыттарын іске асырып отырған, Орталықтың өзінің [www.ukc-astana.kz](http://www.ukc-astana.kz) веб-сайты бар, мұнда орталықтың жұмысында көрсетілетін қызметтер, ресурстар, жаңалықтар жарияланады, орталықтың бөлімшелері бойынша электрондық мекенжайлар қолданылады, Битрикс-24 бағдарламасы жұмыс істейді, сондай-ақ тоқсан сайын 6000 дана тиражбен шығарылатын және таратылатын «ОКО хабаршысы» газетінің жеке мерзімді басылымы еліміздің барлық өңірлеріне таратылады.

Орталықтың тыңдаушылары сайт арқылы сұрақтар қоюға, курсқа тіркелуге, қызықтыратын ақпаратты табуға мүмкіндік алады. Орталық сонымен қатар Facebook, Telegram, Instagram әлеуметтік желілерінде тіркелген. Барлық оқу бөлмелері мультимедиялық проекторлармен жабдықталған, компьютерлік зал бар. Орталықтың дәрігер-нұсқаушылары халықаралық конференцияларға, семинарларға, курстарға, мастер-кластарға қатысады, Израиль, Италия, Ресей, Сингапур, Литва, Финляндия, Түркия симуляциялық орталықтарының халықаралық үлгідегі сертификаттарына ие. Материалдық-техникалық база қажеттілігіне қарай ұсынылған өтінімдерге сәйкес жаңартылады.

АМУ кітап қоры тыңдаушыларға орталық пен АМУ арасында жасалған шарт шеңберінде қамтамасыз етіледі. Корпоративтік мәдениет және қызметкерлердің қарым-қатынасы жақсы. Орталық мүдделі тараптармен белсенді ынтымақтастықты қамтамасыз етеді, Қазақстанда да, шетелде де мастер-кластарда, семинарларда қызметкерлерді оқыту арқылы персоналды дамытуға ықпал етеді.

Аталған стандарт бойынша келесі **мықты тұстары** анықталды:

- Орталық екі базада - «Қалалық жедел медициналық жәрдем станциясы» ШЖҚ МКҚК және жалпы ауданы 524,8 м<sup>2</sup> құрайтын бас кәсіпорынның кеңседе орналақан;
- Ынтымақтастық туралы шарттар жасалған 9 клиникалық база бар.
- Орталық мультимедиялық қондырғылармен, алдыңғы қатарлы фирмалардың манекендерімен және муляждарымен («Laerdal» (Норвегия), «Nasco» (АҚШ), «Kyoto» (Жапония) «Doctor Medicinae» (Қытай) және т. б. жабдықталған.;
- Орталық симуляциялық білім беруде тәжірибесі бар медициналық жоғары оқу орындарымен, клиникалармен, мамандармен (SESAM GISP. PASSH, WOLVERINE) белсенді ынтымақтастықта жұмыс жасайды.

**Қорытынды:** стандарт институционалды аккредиттеу критерийлеріне сәйкес келеді, сонымен бірге жақсарту бағыттары анықталған:

- *Тыңдаушыларға АМУ кітапханасының электрондық ресурстарына онлайн қолжетімділікті қамтамасыз ету;*
- *Орталықтың жеке брендін әзірлеу;*
- *Орталықтың жетістіктері мен жұмыс нәтижелерін рефератталған мерзімді басылымдарда жариялау;*
- *Практикалық денсаулық сақтау серіктестерімен және шетелдік серіктестермен бірлескен ғылыми жобаларға қатысу.*

### **7-стандарт: Қосымша білім беру бағдарламаларын бағалау (үздіксіз кәсіби даму)**

Оқу-клиникалық орталықтың әдістемелік кеңесі медициналық білімі бар мамандарды үздіксіз кәсіби жетілдірудің негізгі бөлімшесі болып табылады, ол орталық қызметкерлеріне: дәрігер-нұсқаушы, оқу-әдістемелік бөлімнің меңгерушісі, әдіскерлерден құралады.

